

## Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 301 қаулысы.

"Атом энергиясын пайдалану туралы" 2016 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 24 мамырдағы  
№ 301 қаулысымен  
бекітілген

## Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы "Атом энергиясын пайдалану туралы" 2016 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және ядролық қондырғыларды және көму пункттерін (бұдан әрі – ЯҚКП) орналастыру алаңын таңдау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
  - 1) ЯҚКП орналасатын аудан – ЯҚКП қауіпсіздігіне әсер етуге қабілетті құбылыстар, процестер немесе оқиғалар пайда болатын немесе пайда болуы мүмкін ЯҚКП орналастыру мақсатында зерттелуге тиіс аумақ;
  - 2) ЯҚКП орналастыру алаңы – ЯҚКП-ның барлық негізгі және қосалқы құрылыштары орналасатын қорғалатын периметр шегіндегі аумақ;
  - 3) пайдаланушы ұйым – атом энергиясы пайдаланылатын объектілермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға.

### 2. ЯҚКП орналастыру алаңдарын таңдау тәртібі

3. Салу және салу ауданы туралы шешім қабылданғаннан кейін ЯҚКП орналастыру алаңын таңдау жұмыстары жүргізіледі.

4. ЯҚКП орналасатын алан:

1) табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы ықтимал сыртқы әсерлерді;

2) радиоактивті заттарды ықтимал көшіруді;

3) ЯҚКП пайдалану нәтижесінде немесе тосын оқиғалар немесе авариялардың туындауы нәтижесінде халыққа және қоршаған ортаға зиянды болдырмау мүмкіндігін ескере отырып анықталады.

5. ЯҚКП жобалау және салу алаңын таңдау бірнеше (ұштен кем емес) бәсекелес алаңды айқындаі отырып жобалау ауданын алдын ала зерттеуді қамтиды.

6. ЯҚКП алаңын таңдау бойынша жұмыстар техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу немесе құрылышты инвестициялауды негіздеу сатысында жүзеге асырылады.

7. Пайдалануыш ұйым:

1) техникалық-экономикалық негіздемені;

2) қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалауды;

3) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікке талдау бойынша алдын ала есепті;

4) сызбаларды қамтитын ЯҚКП алаңын таңдау жөніндегі негіздейтін құжаттарды әзірлейді.

8. ЯҚКП жобалау құжаттары міндетті түрде мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардан өткізіледі.

9. 1 және 2-санатты радиациялық қауіпсіздіктің ЯҚКП орналастыру және салу алаңын таңдау жөніндегі жобалау құжаттамасы ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасына жатады.